

Атырау ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 5 мамырдағы N 626

Жайық жағалауы аймағының агроөнеркәсіп кешені саласындағы ғылыми зерттеулерді кеңейту мен тереңдету және қолда бар ғылыми әлеуетті барынша толық пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Атырау облысы әкімінің және Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясының Атырау облыстық мемлекеттік ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясының, Қазақ қаракөл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты Батыс бөлімшесінің, Батыс Қазақстан "Жемшөп және жайылым" ғылыми-өндірістік бірлестігі аймақтық бөлімшесінің, Қазақ мал дәрігерлігі ғылыми-зерттеу институтының Атырау мал дәрігерлігі ғылыми-зерттеу станциясының негізінде - Атырау қаласында Атырау ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын ұйымдастыру жөнінде Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен, Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Экономика министрлігімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. Институт қызметінің мынадай:

қойдың, жылқы мен түйенің қолда барын жетілдіру және жаңа тұқымдарын, түрлерін қалыптастыру, мал шаруашылығы өнімдерін, жем-шөп өндірудің прогресті технологиясын әзірлеу, ауыл шаруашылығы малдары ауруларының алдын алу, диагноз қою және емдеу әдістерін жетілдіру бағыттары белгіленсін.

3. Аталған институтты ұстау Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясының ғылыми-зерттеу жұмыстарына көзделген бюджеттік қаржылары шегінде жүзеге асырылсын.

4. Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясының Президиумы Атырау облысының әкімімен бірлесе отырып, 2 ай мерзім ішінде Атырау ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының құрылымын белгілесін.

5. Атырау облыстық мемлекеттік ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясының негізінде жаңа ұйымдастырылған институт құрамында тәжірибе шаруашылығы құрылсын.

6. Атырау облысының Қызылорда ауданындағы "Мұқыр" акционерлік қоғамының (бұрынғы "Гурьев" асыл тұқымды заводы) оны ұйымдастырылатын институт құрамына тәжірибе шаруашылығы ретінде енгізу жөніндегі ұсынысына келісім берілсін.

<*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.04.04.

№ 485 қаулысымен.

Р970485_

8. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің "Республиканың ауыл шаруашылығы бойынша ғылыми-зерттеу мекемелерінің жұмысын жақсарту жөніндегі шаралар туралы" 1956 жылғы 21 тамыздағы № 501 қаулысына № 5 қосымша күшін жойған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі